

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы
«Балапан» аралас кіші тобының апталық (11.12 -15.12.2023ж) циклограммасы (II апта)

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Балапан»аралас тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12-15.12. 2023 жыл

Тәрбиешілер: Камысбаева М.К; Қунабаева А.Ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.12	Сейсенбі 12.12	Сәрсенбі 13.12	Бейсенбі 14.12	Жұма 15.12
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет <i>(кіші жас, ерте жас)</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Отаным - Қазақстан" тақырыбына әңгімелесу. Туған жер ұғымын қалыптастыру. "Отан, туған өлке, туған ел ұғымдарын білеміз бе", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	«Бұл ненің дыбысы,тап?» Бұрқасынның және желдің дыбыстарын табу және айту. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Сөйлеуді дамыту,қоршаған орта, <i>(кіші жас)</i>	"Пирамиданы құраймыз". балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту. Түрлі-түсті шенберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстінгі түсті	Кітаптағы суреттерді қарап, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балаларды көрнекіліксіз қоршаған ортадағы адамдардың тілін түсінуге үйрету. Балаларды педагогтің ауызша сөзбен көрсетуі бойынша: Заттарды түстеріне, өлшемдеріне	«Қолғап» Қолғап туралы түсінік беру. Қолғаппен таныстыру. дәстүрлі емес әдістермен қолғапты губкамен бояу. Сурет салу <i>(кіші жас)</i>	«Саусак жаттығуы» Бас бармағым – алғашқы, Балаң үйрек – жалғасы. Орган терек – ағасы, Шылдыр шүмек – нағашы, Кішкентай бөбек – балақан, Бәріне ортақ – алақан. <i>(кіші жас)</i>

		алып, Қайта кілемге шашамын. (сөйлеуді дамыту, сенсорика) (ерте жас,кіші жас)	қарай тауып әкелуге («Қызыл кубикті алып кел», (Көркем әдебит, қоршағ.ор.тан, сенсорика.)		
Таңертеңгі жаттығу	«Көңілді маймылдар» Тік тұрып, аяқ алшақ, доп төменде; 1-2- допты жоғары ұстап, аяқ ұшына көтерілу; 3-4-б.к. (4рет) Б.к. – т.с. допты алға созып ұстау; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.к. келу; 5-6- солға бұрылу; 7-8- б.к. Б.к. – доп жоғарыда; Алға еңкейіп, допты еденге жеткізу;Б.к. келу; Б.к.- аяқ арасы сәл алшақ, доп кеудеде; 1-3- отырып , допты қолдан қолға домалату; 4-б.к. Допты алға ұстап, оңға, солға қарай айналу;				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде балала жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу. Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. Кір қолмен бастауға, Болмайтынын біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу. <i>(ерте жас, кіші жас)</i>				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тальо попызы". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеністікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; гимнастикалық орындыктан тепе-теңдікті сақтап жүру жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу ікемділіктерін пысықтау "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Ариайы "лего"	Музыка жетекшілігімен Көркем сөз "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) <i>(кіші жас)</i> «Бау байлап үйренеміз» <i>Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту (сенсорика) (ерте жас)</i>	Дене шынықтыру "Қалайық қардан аюкала". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуды (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалайтынын көрсету және себебін түсіндіру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу ікемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу	Дене шынықтыру "Қазақстанның спортшылары!" Мақсат-міндеттер. Балаларды доппен жаттығулар жасауға жаттықтыру; домалату, қашықтыққа лақтыру, екі қолмен төменнен қолденен нысанға; ұйымшылдық қабілетін дамыту, дене тәрбиесі оқу іс-әрекеті кезінде құрдастарымен достық қарым-қатынасты сақтау; балалардың денсаулығын нығайту шаралары, түзету жаттығуларын қолдану арқылы нығайту (массаж доптарымен жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар); достық қатынастарды, өзара көмекке, спортқа	Вариативка Қыстың белгілері" Балаларды қыс мезгілімен және оның белгілерімен таныстыру. Түзу қолденен сызықтарды салу қабілеттерін дамыту. Сазды өнер құралы ретінде таныстыру. Доптарды соғу қабілеттерін дамыту. Кітаптарға қызығушылық дамыту. Бауырсақ ертегісін қарау. <i>(көркем әдебиет) (кіші жас)</i> Ойын «Бауырсаққа үйге қайтуға жол тауып бер» (көркем әдебиет, сурет салу)

	құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. (<i>кіші жас</i>)		қабілеттерін дамыту; кеңістікте дөпты домалату дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. «Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды танытуға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. (сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру) (<i>кіші жас</i>) Сурет салу «Дөп» Бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. (<i>кіші жас</i>)	қызығушылықтарын арттыру. Ойын «Қояндарға сәбіз жинап берейік» Желімсіз жапсыру техникасын игеру, қарапайым композиция құру және орналастыруға, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, (Жапсыру,сөйлеуді дамыту) (<i>кіші жас</i>)	Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып,түрлі түсті дақтарды үйлестіру. (<i>кіші жас</i>) Қысқы би» жаттығуы Максат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту. Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бау-бақшаны тауды да, Бояған ақ түспенен. Ішік, пима, қолғап бар, Арада жоқ тонғақтар. Баста қалың малакай, Біз тонбаймыз алакай. Біз аяғымен доспыз, Айналамыз, айналамыз! (<i>сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру</i>) (<i>кіші жас</i>)
--	---	--	--	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Қар қиыршықтарын қарастыр» Тәжірибе: Балалар қар қиыршықтарын қарастыруда. Қармен тәжірибе. Стаканға қар салып топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. <i>Қоршаған ортамен таныстыру (кіші жас)</i>	«Бауырсақ» ертегідегі қай кейіпкер жок екенін айтады. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын ертегілерді тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет (кіші топ)	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Жан-жаққа шапшырап жүгіру және секіру техникаларын дамыту.	Такпак. «Жел» Балаларға дұрыс қайталап айтуға үйрету жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйым келіп билейді зу-зу-зу Катты-катты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.	Қозғалыстағы ойын «Екі аяқ» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу. <i>Сенсорика Сөйлеуді дамыту (кіші жас)</i>
Серуеннен оралу	Балалардың реттіліктен ішіндегі бір-біріне иешінуге көмектесу. киімдерін жинау. Сорелерін ретке келтіру.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебиет сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауылдарын шаюды қадағалау.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйірішікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				

шаралары					
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сенсорика «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, түсі бойынша табу. (кіші жас)	Қоршаған ортамен таныстыру Қ/ойын: «Қай қолымда көп» Аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек тандау» Көлеміне (үлкен, кіші) дөңгелектерді бағдар жасай отырып тандау. (ерте жас)	«Сипаттамасы бойынша тап» ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту (ерте жас)
Балалармен жеке жұмыс	«Сикырлы суреттер» Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Нұрқасымға	Сөйлеуді дамыту «Жануарлар қалай дыбыстайды» Балаларды дыбыстарды қайталауға жаттықтыру.	Сурет салу «Түрлі түсті жіптер» Түзу, көлденнен сызықтар жүргізуге үйрету. Арынға, Айым, Айлин.	Мүсіндеу «Тәтті алмалар» Ермексазбен дұрыс жұмыс істей білуге үйрету. Аяла, Ерке, Айша	Құрастыру «Менің үйім» құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. Аяулымға, Мейрімге
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	«Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Қыста не киеміз?» Мақсаты: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете	«Сәкіяна» Мақсаты: алақан арасына сәкіянаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	Қимылды ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүтіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Қозғалыстағы ойын «Екі аяз» Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу

		түсіндіру.			талабына тәрбиелеу. Сенсорика, сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерді: *Әріп* Өдіскер

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы
«Балапан» аралас кіші тобының апталық (18.12 -22.12.2023ж) циклограммасы (ІІІ апта)

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Балапан»аралас тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.12- 22.12. 2023 жыл

Тәрбиешілер: Камысбаева М.К; Қунабаева А.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсен 21.12	Жұма 22.12
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата -аналармен балаларының көңіл күйі, жағдайы жайында сөйлесу. «Басқа балалармен ойыншықтарымен бөлісу, тартып алмау, өз-өзін басқа балалармен ренжітпеу әдеттеріне қалай үйрету керек?» ата- аналарға арналған кеңес				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Кітап орталығында жұмыс: «Шалқан» Міндеті: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету. <i>(кіші жас)</i> Д/о: «Туған ел» Міндеті: Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Кітап орталығында жұмыс: «Кітап әлемі» Міндеті: Кітаптарды қарау, суреттерді бояу, таныс тақпақтарды қайталауды үйрету. Баяу қ/о: «Түрлі түсті шарлар» Міндеті: Балалардың шарлардың түсін, пішінін айыра білуге үйрету. <i>(кіші жас)</i> Д/о: «Балапандар»	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Кітап орталығында жұмыс: «Сықырлы кітапша» Міндеті: Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Д/о: «Жалқау бала» Міндеті: Таныс шығармаларды	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Кітап орталығында жұмыс: «Жыл мезгілдері» Міндеті: Ересектердің сөзін түсінуге үйрету. Баяу қ/о: «Маймақ қонжықтар » Міндеті: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүруді үйренеді	

		(көркем әдебиет) (көші жас) <i>Д/о: « Аспаптар »</i> <i>Міндеті:</i> Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажарата білу. <i>(музыка*)</i>	<i>Міндеті:</i> Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу, дағдыларын қалыптастыру. <i>(музыка)</i>	көрнекіліксіз тыңдайды; <i>(көркем әдебиет)</i> <i>Баяу қ/о: «Дәл түсір»</i> <i>Міндеті:</i> Балаларды ептілікке, дәлдікке, доп пен ойнай білуге үйрету. <i>(дене шынықтыру**)</i> <i>Д/о: « Аю, аю тұрны »</i> <i>Міндеті:</i> Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. <i>(музыка)</i>	<i>(дене шынықтыру)</i> <i>Д/о: «Дабыл қаққым»</i> <i>Міндеті:</i> Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. <i>(музыка)</i>
Танертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені. 1. "Күн" ойыны: Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет. 2. "Тук-тук" ойыны: Б.к.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде. Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. 3. "Жасырынбақ" ойыны: Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде. Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет. <i>(дене шынықтыру)</i>				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажетін түсіндіру. Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. Кір қолмен бастауға, Болмайтынын біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұсақ саусақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар Максат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтың үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ Саусақтарды даралап Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка (Педагогтың жоспары бойынша) <i>Д/о: «Бас киім»</i> <i>Mindem!</i> Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. <i>(мүсіндеу)</i>	Дене шынықтыру "Сыйлықтарды Аяз атаның қабына жөнәйық" Максат-міндеттер. Залдың барлық аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын,	Дене шынықтыру "Жаңа доп". Максат-міндеттері. Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; допты лақтыру қабілеттерін	Вариативка «Шанырақтарды орналастыру» Заттарды көлеміне сәйкес топтауға, әр түрлі заттарды көлеміне байланысты салыстыруға, бір пішіндегі көлемі екі түрлі дөңгелектерді	

		Құрастырудан ойын-жаттығу "Мұнара". Мақсат-міндеттері. Балаларға текше мен призмадан мұнара құрастыруды үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту. <i>(кіші топ)</i>	лақтыруды дұрыс үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде теңе-теңдікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аяқпен секіру. Балаларда жүру, жүгіру, жаттығу жасау кезінде және ойын кезінде арқаларын дұрыс ұстау қабілеттерін қалыптастыру. <i>(ерте жас)</i> Бау қ/о: «<i>Үлкен және кіші доптар</i>» Mindem: Иық бұлшық етін, зейіннің тұрақтылығын дамыту. Өртүрлі доптарды ажырата біліге үйрету. <i>(дене шынықтыру**)</i>	қалыптастыру. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын епті орындау қол, дене бұлшық еттерін; дәлдеу дағдыларын дамыту; допты лақтыру дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. <i>(кіші топ)</i> Жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту. (Дене шынықтыру**)	ажырата білуге үйрету. Ұлттық заттарға мақтанаш сезімін тәрбиелеу. Д/ ойын: «Қайсысы үлкен?»
--	--	---	---	--	--

Серуенге дайындық Серуен:	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту «Досымызға көмектесеміз» Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.				
		Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Маусымдық құбылыс - қардың жауу туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруды үйрету.	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Бақылау: ауланың қай жерінде қалың қардың жатқанына балалардың көңілін аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну.. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілік пен шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (Терезедегі қырау.) Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы буы салқын терезенің шынысына буланып жабысады, ол мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауды және құбылыстарды атауды әрі қарай үйрету.	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттады.

			талантандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру)		
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аптақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Күндізгі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Билейтін аю» ертегісін тыңдату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Ертегі «Сықырлы әлем» (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	"Қоян" таппақ-ойтнағы. Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қаршы,				

	Шаныңды тарашы, Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киеді, педагогпен бірге жуыну бөлмесіне барады. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу. Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүрту. Түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Мәдени-гигиеналық, коммуникативтік дағдыларды дамыту Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу Көркем сөз: печенье, айран, сүт				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Геометриялық пішіндерін қайталау. <i>(сенсорика – танымдық іс-әрекет)</i> Сенсорикадан ойын-жаттығу "Жаңа жылдық ойыншықтар" Біртектес заттарды белгілерінің біріне сәйкес таңуға және топтауға үйрету: пішіні бойынша;	Сюжетті-рөлді ойын: «Қуыршақ» Ыдыс-аяқтың әртүрлі түрлері туралы білімді бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану қабілетін қалыптастыру. Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. Киім атаулары туралы білімді бекіту. Балалардың киімдерін белгілі бір ретпен шешіп, бүктеу дағдысын бекіту.	Сюжетті-рөлді ойын: «Түлкі» Балалардың жануардың рөлін қабылдау қабілетін дамыту, <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика – қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет)</i> «Аяз-ата» әнін қайталау. Көркемдік дағдыларды дамыту. <i>(музыка-шығармашылық</i>	Сюжетті-рөлді ойын: «Қонжық» Балалардың жануардың рөлін қабылдау қабілетін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика – қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет)</i> Қимылды ойын: Жалаушаны тап.	

		„доптың қайсысы үлкен немесе кіші екенін түртіп отырып болжау; заттардың көлемін және кеңістіктегі орналасуын қабылдауды дамыту; ойынға деген жағымды қатынасты, достықты тәрбиелеу. (ерте жас,кіші жас)	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика – қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет)(кіші жас) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу-шығармашылық қызмет)	қызмет) (кіші жас) "Менің соңымнан қайтала" кимылды жаттығуы. балалардың әуен ырғағына сай педагог көрсеткен кимылдарға еліктеуге машықтандыру; зейінді, вестибуляр аппаратын дамыту. (музыка, дене шынықтыру) ерте жас)	Балаларды жылдамдыққа баулу. (дене шынықтыру қозғалысы)
Баламен жеке жұмыс		«Сипаттамасы бойынша тапты» Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. <i>Медина, Арлан</i>	Сынарын тап» Мақсаты: сурет арқылы сәйкестендіру. <i>Айлин</i>	«Менің балабақшам туралы». Мақсаты: баланың сөздік қорын молайта отырып, әңгімелеу. <i>Дана, Әміржан</i>	«Өз орнын тап» Мақсаты: балалар тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрену. <i>Ерке, Айша, Медина</i>
Серуенге дайындық	Серуенге жиналу. балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын тандау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бөтенкенің дұрыс киюлерін бақылау. (мәдени-гигиеналық дағдылар				
Серуен		Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен	Қимылды ойын: «Қарлығаш» Ойын мақсаты: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін	Қимылды ойын: «Соқыртеке» Ойын мақсаты: бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. Шапшаңдыққа баулу.	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау

		таныстыру)	дамыту. (дене белсенділігі)	(дене белсенділігі)	(қорымаған орталықпен таныстыру)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру. Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру.				

Тексерді: *Аял* Әдіскер

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы
«Балапан» аралас кіші тобының апталық (25.12- 29.12.2023ж) циклограммасы (IVапта)

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан»аралас тобы

Балалардың жасы: 1,6-2жас, 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12-29.12. 2023-2024 жыл

Тәрбиешілер: Камысбаева М.К; Қунабаева А.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.12	Сейсенбі 26.12	Сәрсенбі 27.12	Бейсенбі 28.12	Жұма 29.12
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Үстел-үсті ойындары: «Қызықты төрт бұрыштар» Төртбұрыш туралы түсініктерін қалыптастыру және неғұрлым ұжас қасиеттері бойынша салыстыру. Сенсорика (кіші жас).				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата -аналармен үйден ойыншық, тәттілер балабақшаға әкелмеу жөнінде әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Бану қ/о: «Тәтті қонжықтар » әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүруді үйренеді (дене шынықтыру**) <i>(ерте жас)</i>	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> "Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды аққаланың денесін үстел бетінде құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді	Бану қ/о: «Кім түсіреді» Балаларды ептілікке,дәлдікке, доппен ойнай білуге үйрету. (дене шынықтыру**) "Үлкен - кішкентай" ойыны. Міндеттер: балаларға	<i>(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)</i> Д/о: « Аю,аю тұршы » Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге	<i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршалған ортамен таныстыру)</i> Үстел үсті ойыны: «Ненің баласы?» Үй жануарлары мен олардың төлдерінің аттарымен таныстыру.

	<i>Д/о: «Қар» өлеңі</i> <i>Міндеті:</i> Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Ересектердің көмегімен тақпақтарды, өлеңдерді таныту <i>(көркем әдебиет)</i> <i>(кіші топ)</i>	ажыратуға жаттықтыру; Аккала денесі дөң-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақанмен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймандап, (саусақтың ұшымен үстел басын кезекпен тықылдату) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу). <i>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) (кіші топ)</i> <i>Баху қ/о: «Әртүрлі жолтарды дақтыру»</i> <i>Міндеті:</i> Иық бұлшық етін, зейіннің тұрақтылығын дамыту. Әртүрлі жолтарды ажырата білігі үйрету. <i>(дене шынықтыру)**</i>	заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету. Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған. Тапсырма: жана жылдық ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу. <i>(сенсорика, сөйлеуді дамыту) (кіші топ)</i>	өту және қимылдарды бере білу. <i>(музыка***)</i> <i>Д/о: «Жазушылық»</i> <i>Міндеті:</i> Таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды; кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. 1. Иллюстрацияларға назар аударту. 2. Епті, тазалық жайлы әңгіме. 3. Кейіпкерлерді педагогпен анық атау. <i>(көркем әдебиет)</i> <i>(кіші топ)</i>	Үй жануарлары мен олардың балаларының аттарымен таныстыру. Балалардың қоршаған әлем туралы идеяларын дамытуға ықпал ету. Сөздік қорын кеңейту. <i>(ерте жас)</i>

Танертеңгі жаттығу	«ӘТЕШ» Тәрбиеші: - Балалар, бүгін бізге қонаққа әтеш келді. (Ойыншық әтешті көрсетеді.) Әтеш: - Ку-ка-ре-ку. Тәрбиеші: Әтеш, әтеш Алтын айдарлы, Май басы, Жібек сақалды. Сен ерте тұрасың, Дауыстап ән айт, Сен балаларды ұйықтатпайсың. Әтеш: - Менің балалармен жаттығу жасағым келеді.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажетін түсіндіру. Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. Кір қолмен бастауға, Болмайтынын біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	(танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.) Баяу к/о: «Қарақұс пен балапандар» Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу, көңілдерін көтеру. <i>(дене шынықтыру**)</i>	(танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.) Баяу к/о: «Үкі» Өкпеден шыққан ауамен тыныстап, қолдың дұрыс қимыл жасауын дамыту, шапшаңдыққа баулу. <i>(дене шынықтыру**)</i>	(танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.) Д/о: «Терезелі үй» Заттарды пішіні мен көлеміне қарай топтастырға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <i>(сенсорика*)</i>	(танымдық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту.) Д/о: «Қар» Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен	(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршалған ортамен таныстыру) Саусақ ойыны: «Достық» Қыздар менен ұлдар, Дос қой біздің топта.

	<i>Д/о: «Көкөністер мен жемістер»</i> Сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін нығайту (<i>сөйлеуді дамыту*</i>)(<i>күнгі жас</i>)	<i>Д/о: «Шуақты күн»</i> Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Түрлі-түсті дөңгелектерден композиция құрастыруды үйрету. (<i>сенсорика*</i>)	<i>(дене шынықтыру**)</i> <i>Баяу қ/о: «Тыныш пен қозғалыс»</i> Қимылдың дұрыстығын дамыту, омыртқа бұлшық етін дамыта отырып ептілікке баулу.	сұрту, дайын болған бұйымды тұтырмаға орналастыруға үйрету. 1. Сазбалшықты жұмсарту. 2. Арнайы тактайшаға домалату. 3. қолды дымқыл шүберекпен сұрту (<i>мүсіндеу*</i>)	Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа. Ойыншықтарды жинау". балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру «Бір орнында тұрып қос аяқпен секіру» «Алғашқы қар» Қар туралы түсінік беру. Қардың күйімен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) «Ақ ұлапа қар» Мақсаты: Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге үйрету (<i>Мүсіндеу</i>)	Музыка (Педагогтың жоспары бойынша) «Бізге кім келгенін тауып ал» Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша тандау. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы манайдайды: мааа, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды), білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық	Дене шынықтыру Аққала денесі дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауала үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақанмен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймандан, (саусақтың ұшымен үстел басын кезекпен тықылдату) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауала кшкентай шеңберлер	Дене шынықтыру "Пингвиндер ұқсап жүрейік" Мақсат-міндеттер. Тура жолмен,сызықтармен шектелген(ені 20-25 см,ұзындығы 2-2,5м) жіптің бойымен,гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.. (<i>күнгі топ</i>) Д/ойын: «Сиқырлы қорапша».	Вариативка "Бірдей пішінді тап!" Балаларды сенсорлық белгілерінің біріне қарай топтастыруға үйрету,түс туралы білімдерін бекіту.Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

	Көркем сөз «Қар» мәтінге сәйкес таныс әуендерді орындай білуге баулу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	тіркестерді атау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	сызу). (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) «Саусақ жаттығуы» Еріншектер: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.	Балаларды сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойын шарты: Тәрбиеші алуан түсті ойыншықтар бар сикырлы қорапшаны қолға ұстап тұрғанын айтады. Қорапша ішінен ойыншықтың біреуін алып шығып, балалардан не екенін сұрайды. Балаларға бірге жауап қайтарады.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен кіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс кінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суга қолыңды жу. Жуынсан сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботканың, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Ойпақ. Төсекте жатып керіліп-соғылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоныраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Токтат! Токтат				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрастыру «Әдемі кілемшелер» бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен таныстыру «Қай қолымда көп» аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек таңдау» геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Сипаттамасы бойынша тап» ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	Сенсорика Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Ойыншық туралы әңгімелеу. баланың сөздік қорын молайту, атауларын білдіретін сөздермен айтқызу. Айша, Азизаға	<i>Сыпайым тап</i> баланың сөздік қорын молайтып ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен айтқызу Дана	<i>Жыл мезгілі туралы айту.</i> қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Айзере	<i>«Үлкен кіші»</i> Затты үлкен кіші екенін ажырата білу үйрету. Назым	<i>Шығар/қ бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).</i> қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Арлан
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олжылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қозғалыс ойындары «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру)				

Балалардың үйге
қайтуы

Ата-аналарға кеңес беру:

«Дұрыс тыныс алуды үйрету үшін ойындар мен ойын жаттығулары»

Тексерді *Ж.А.* Әдіскер